

Hazimov K.M., Hazimov M.Zh., Saparbaev E.T., Ultanova I.B., Zhalelov E.M.

## AT MULCHING OF THE GRAUND THE TECHNICAL PROPERTIES OF THE PLASTIC

### *Annotacion*

The article describes the research to identify the difference of thickness of polymer tape in comparison with the data from manufacturer. Also was done the research on stretching of polymer film, which is an important factor by stacking the polymer tape on field and by cleaning a field from the polymer tape.

**Key words:** mulching film thickness , tensile modulus of elasticity.

**ӘОЖ 631.171:636**

**Шметова Ә.Қ., Тантаева Р.Т., Нұртаев Ш.Н.**

*Қазақ ұлттық аграрлық университеті*

**САУЫН СИҮР ФЕРМАСЫН КЕШЕНДІ МЕХАНИКАЛАНДЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ  
АЛҒЫШАРТАРЫ**

### **Аннотация**

Мақалада сүт өндіретін фермаларды заманауи технологиялық түрғыдан кешенді механикаландаудың теориялық негіздемесі берілген. Олардағы технологиялық процестер сараланып, желілердің жұмыстық көрсеткіштерін анықтайдын аналитикалық тәуелділіктер ұсынылған.

**Кілт сөздер:** сүт фермасы, кешенді механикаландау, теориялық негіздеме, аналитикалық тәуелділіктер.

### **Кіріспе**

Қазақстанда 2014 жылдың шаруашылық қызметтің нәтижелері бойынша 6,1 млн. ірі қара мал, оның ішінде 4,8 млн. бас сиыр бар екен және әр сиырдан 4282 л (кг) сүт алынған. Соңғы көрсеткіш дамыған елдердегі көрсеткіштерге қарағанда өте тәмен және оның көптеген факторларға байланысты екені белгілі. Соңдықтан сүт өндіретін жаңа немесе модернизацияланатын кәсіпорындарды құруда жобаны басқарудың негізгі принциптерін еске алу қажет [1].

### **Негізгі бөлім**

Осы орайда, ферманың бас жоспарын инновациялық түрғыдан қалыптастырудан бастаған жөн. Ол үшін малсылымдылығын есептеп, қоражайлар мен қосалқы ғимараттарды тандай отыра, технологиялық өндірістік процестерді жобалауға кіріседі.

Жобалау рәсімі тәмендегідей:

- малға азық даярлауды механикаландау: малдың әрбір тобының тәулік рационын тұзу, азық сақтайтын қоймалардың санын және сиымдылығын есептеу; жемшөп цехының өнімділігін анықтау;
- азықтық қоспа таратуды механикаландауды жобалау, яғни азық тарату технологиялық желісінің өнімділігін есептеп, азық таратқыш құрылғының параметрлерін негіздеу;
- ферманы сумен жабдықтау: ондағы су шығынын есептеу, сыртқы су құбыры желісін негіздеу, су тасымалдайтын насос параметрін анықтау;
- көң жинау және оны утильдеу: көң жинайтын және тасымалдайтын құрылғыларды ұсыну, көң сақтайтын орын сиымдылығын негіздеу;
- қоражайдың микроклиматы көрсеткіштерін анықтау және оларды жылдыту жүйесін ұсыну;
- сиыр сауу және сүтті алғашқы өндеу желісін жобалау.

Мал ұстайтын ғимараттарды таңдау үшін сүтті–товарлы (90% сиыр) бағыттағы кәсіпорын малының құрамын анықтау кестесі қолданылады (1-кесте) [2].

### 1- кесте.Ірі қара мал фермасының мал құрамы

Iрі қара мал топтары	Коэффициент	Мал саны, бас
Сиырлар, барлығы	1,00	350
сауын сиыр	0,75	263
сауылмайтын	0,13	45
жана төлдері (төлдеу бөлімінде)	0,12	42
бұзаулар (0-20 күндік мерзімдік)	0,06	21

Осы кестеге сәйкес жүргізілген есептеулерге орай ферманы екі 200 бастық сиыркоражайлары негізінде үйымдастыру (жоба бойынша) ұсынылады. Жаңа туылған және профилакторий кезеңіндегі бұзаулар мал төлдейтін бөлімшеде ұсталады.

Мал азықтандыру желісін жобалауда малдың топтардағы саны мен олардың тәуліктік рационы негіз болады. Малдың әрбір тобына қажетті азық түрлері

$$q_{m\omega yl,j} = \sum_{j=1}^n a_{ij} m_j, \quad (1)$$

мұндағы  $m_j$  –  $j$ -ншы топтағы мал басы;  
 $a_{ij}$  –  $i$ -түрлі азықтың  $j$ -ншы топтағы малға қажетті мөлшері;  
 $m$  – фермадағы мал топтары (1-ші кестеге сәйкес).  
Жемшөп өндеу цехының өнімділігі

$$Q_{m\omega yl} = \sum q_{m\omega yl,j}, \quad (2)$$

ал технологиялық желінің өнімділігі

$$Q_{m\omega c} = Q_{m\omega yl} / (T_{\omega c} d), \quad (3)$$

мұндағы  $T_{\omega c}=1,5-2$  сағат – бір рет азықтандыруға жұмсалатын уақыт;  
 $d$  – малды азықтандыру жиілігі ( $d=2-3$  рет).

1-ші кестеде қабылданған мал басына есептелген азық түрлері:  
жүгері сүрлемі – 6416,5кг;  
аралас шөп – 1523кг;  
пішіндеме (аралас құрамда) – 948кг;  
жазғы бидай сабаны – 1139кг;  
бидай ұны – 702,1кг;  
ас тұзы – 19,73кг.

Қарастырылып отырған фермада малды 2 рет азықтандыру режимін қабылдасақ, (3) формулаға сәйкес

$$Q_{t,\omega} = 10916 / (2 * 2) = 2729 \text{ кг/сағ.}$$

Осы өнімділікті қамтамасыз ету үшін 801-323 типтік жобамен жемшөп өндеу цехы қажет. Далярланған азықтық қоспаны қоражайларға жеткізу үшін РММ-5 шағын габаритті азықтара тартышы ұсынылады.

Ферманы сумен жабдықтау үшін мал саны  $m_i$  мен супайдалану нормасын  $b_i$  білу қажет  
 $Q_c = m_1 b_1 + m_2 b_2 + m_3 b_3 + \dots + m_n b_n, \quad (4)$

мұндағы  $b_i$  – супайдалану нормасы (сиырлар үшін  $b_1=100$ л, құнажын  $b_2=60$ л, т.с.с.). Тәуліктегі су шығынының ауытқуы  $\alpha=1,3-2,5$  деп қабылдалап, қарастырып отырған ферма үшін

$$Q_{c,t\omega} = Q_{c,opt} * \alpha / 24,$$

ал сағаттық біркелкілік

$$Q_{c.ca} = Q_{c.opt} * \alpha_2 / 24,$$

біздің есептеуімізше 1-ші кестедегі мал басына

$$Q_{c.ca} = (49322 * 2,5) / 24 = 5137,7 \text{ л/саф.}$$

Осы мәліметті негізге алып, сумен жабдықтау насосын таңдаймыз

$$Q_{c.c} = 5137,7 : 3600 = 1,43 \text{ л/с}$$

Фермадағы мұнаралы су көтергіші бар қондырығы қабылданады.

Осы ретпен сүт-товарлы фермадағы қалған технологиялық желілердің құрамы анықталып, нысанды кешенді механизкаландыруға бағыт қабылданады.

### Қорытынды

Ферманы жобалау ұсынылған ретпен атқарылады: бас жоспардағы ғимараттар мен өндірістік құрылғылар (1)...(4) тәуелділітермен таңдап алынады. Малды азықтандырудың мысалында ферманы кешенді механизкаландыру рәсімі атқарылады, негізгі және қосалқы процестер толық қамтылады.

### Әдебиеттер

1. Нұртаев Ш.Н., Сапарбаев Е.Т. Мал шаруашылығын механизкаландыру және электрлендіру. – Алматы: Агрониверситет, 2012. – 632 б.
2. Рыбаков М.И. Проектирование механизации производственных процессов в животноводстве. – Алматы: Агрониверситет, 2001. – 163 с.

Шметова Э.К., Тантаева Р.Т., Нуртаев Ш.Н.

## ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ПРЕДПОСЫЛКИ КОМПЛЕКСНОЙ МЕХАНИЗАЦИИ МОЛОЧНОТОВАРНОЙ ФЕРМЫ

### Аннотация

В данной статье приведены теоретические предпосылки комплексной механизации молочной фермы с позиции современных, инновационных технологий. Показан анализ технологических процессов, предложены аналитические зависимости оценки их основных показателей.

**Ключевые слова:** молочная ферма, комплексная механизация, теоретические исследования, аналитическая зависимость.

Shmetova A.K., Tantaeva R.T., Nurtaev Sh.N.,

## THEORETICAL BACKGROUND FOR THE COMPREHENSIVE MECHANIZATION OF DAIRY FARMS

### Annotation

This article provides a complex mechanization for theoretical research of dairy farm production in the modern technology opinion. The investigations of technological processes were carrying out. At was alone for identifying network performance is analytical dependence.

**Keywords:** dairy farm, comprehensive mechanization, theoretical research, analytical dependences.